

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2023 жылғы 6 қыркүйектегі
№ ДС-296 сауалға*

Құрметті депутаттар!

«Азық – түлік корпорациясы» ҰК» АҚ (*бұдан әрі – Азық-түлік корпорациясы*) тарта отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізудің толыққанды жүйесін құруға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Азық түлік корпорациясының жұмысын өзгертуге және сатып алынатын өсімдік шаруашылығы өнімінің номенклатурасын кеңейтуге қатысты

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау шеңберінде Азық-түлік корпорациясының қызметі астық қана емес, ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа да түрлері бағасының құбылмалылығын төмендетуге бағдарланатын болады.

Осыған байланысты Азық-түлік корпорациясының ауыл шаруашылығы өнімдері нарығында арзандатылған астықты ұн тартатын кәсіпорындарға, мал және құс шаруашылығына егіннің түсімсіздігі және бағаның маусымдық өсуі жылдарында өткізу жолымен тауарлық интервенциялар жүргізу тетігі пысықталуда.

Сондай-ақ, өңдеушілер үшін белгіленген бағамен үшжақты форвардтық сатып алуды енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің, сақтаудың және өткізудің толыққанды желісін құруда жеке нарыққа жәрдемдесетін болады.

Қазіргі уақытта Азық-түлік корпорациясы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (*бұдан әрі – ӘМАТ*) тұрақтандырылатын 10 түріне қосымша ӘМАТ-тың 3 түріне – қаракұмық жармасы, күріш және күнбағыс майына бағаны тұрақтандыруға қатыса алады.

Осылайша, компания Ауыл шаруашылығы өнімдерінің номенклатурасы мен көлемін біртіндеп кеңейтетін болады, сондай-ақ арзандатылған азық-түлік және жемдік астықты өткізу көлемін ұлғайтатын болады.

Мал шаруашылығы өнімдерін кепілді сатып алатын мекеме құруға қатысты

Нарықтық экономика жағдайында сауда операциялары (*сатып алу/сату*) мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен жеткізушілер арасындағы шарттық негізде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, ет пен ет өнімдерінің өзіндік құны жоғары екенін атап өткен жөн.

Осыған байланысты, Азық-түлік корпорациясы атынан нарықта қосымша сатып алушының пайда болуына байланысты бағаның көтерілу тәуекелдеріне байланысты мал шаруашылығы өнімдерін кепілді сатып алу жөніндегі мекемені құру тиімсіз.

Егер бұл ұсыныстар қабылданбаса, шаруалардың өнімдерін кепілдендірілген сатып алудың баламалы тетіктеріне қатысты

Мемлекет басшысының «айналым схемасы» шеңберінде бөлінетін қаражат есебінен АШТӨ-ге кредит беруді ұлғайту жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде (*өңірлердің әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары (ӘКК) арқылы ӘМАТ-қа бағаны тұрақтандыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру*) ӘМАТ-қа бағаны тұрақтандырудың қолданыстағы тетіктері қайта қаралды.

2022 жылғы қарашада АШТӨ-ні форвардтық қаржыландыру қағидалары бекітілді.

Осылайша, қаржыландыру егіс жұмыстарын уақтылы жүргізу үшін бір жыл бұрын жүзеге асырылады, содан кейін маусымаралық кезеңде көкөністерді нарыққа жеткізеді.

Бұдан басқа, форвардтық шарттар жасасу мүмкіндігі үшін ӘМАТ тізімі кеңейтілді. Қарақұмық жармасы, ұнтақталған күріш (дөңгелек дәнді), күнбағыс майы, бірінші сұрыпты бидай ұны және қант өндіру үшін АШТӨ мен қайта өңдеу кәсіпорындарын форвардтық қаржыландыру енгізілді.

Сондай-ақ, қағидалар шеңберінде өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікті қарыз беру кезінде АШТӨ-мен қайта өңдеу кәсіпорындарын қаржыландыруға бюджет қаражатының 70% -на дейін жіберу талаптары белгіленген.

Осылайша, қазіргі уақытта АШТӨ-ге бағаны тұрақтандыру тетіктері шеңберінде бөлінетін қаражат есебінен АШТӨ-ге кредит беруді ұлғайту үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Жалпы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

С. Жұманғарин

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

На № ДС-296
от 6 сентября 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос касательно создания полноценной системы сбыта сельхозпродукции с вовлечением АО «НК «Продкорпорация» (далее – *Продкорпорация*), сообщаю следующее.

Касательно изменения работы Продкорпорации и расширения номенклатуры закупаемой продукции растениеводства

В рамках исполнения поручения Главы государства, озвученного в Послании Народу Казахстана от 1 сентября 2023 года, деятельность Продкорпорации будет ориентирована на снижение волатильности цен не только зерна, но и других видов сельхозпродукции.

В этой связи, прорабатывается механизм проведения Продкорпорацией товарных интервенций на рынке сельхозпродукции путем реализации удешевленного зерна мукомольным предприятиям, животноводческим и птицеводческим хозяйством в годы неурожая и сезонного роста цен.

Также, будет оказываться содействие частному рынку в создании полноценной сети производства, хранения и сбыта сельхозпродукции через внедрение трехстороннего форвардного закупа по фиксированным ценам для переработчиков.

В настоящее время Продкорпорация, дополнительно к стабилизируемым 10 видам социально значимых продовольственных товаров (далее – *СЗПТ*), может принять участие в стабилизации цен на 3 вида СЗПТ – гречневую крупу, рис и подсолнечное масло.

Таким образом, компания будет постепенно расширять номенклатуру и объемы сельхозпродукции, а также увеличивать объем реализации удешевленного продовольственного и фуражного зерна.

Касательно создания учреждения, которое будет закупать продукцию животноводства гарантированно

В условиях рыночной экономики торговые операции (*закуп/продажа*) осуществляются на договорной основе между производителями и поставщиками продукции животноводства.

При этом, следует отметить, что мясо и мясная продукция имеет высокую себестоимость.

В этой связи, создание учреждения по гарантированному закупу продукции животноводства нецелесообразно, ввиду рисков повышения цен в связи с появлением на рынке дополнительного покупателя в лице Продкорпорации.

Касательно альтернативных механизмов по гарантированному закупу продукции крестьян, если эти предложения не будут приняты

В рамках исполнения поручений Главы государства по увеличению кредитования СХТП за счёт средств, выделяемых в рамках «оборотной схемы» (*льготное кредитование субъектов предпринимательства для стабилизации цен на СЗПТ через социально-предпринимательские корпорации (СПК) регионов*) пересмотрены действующие механизмы стабилизации цен на СЗПТ.

В ноябре 2022 года утверждены Правила форвардного финансирования СХТП.

Так, финансирование осуществляется на год вперед для своевременного проведения посевных работ с последующей поставкой овощей на рынок в межсезонье.

Кроме того, расширен список СЗПТ для возможности заключения форвардных договоров. Внедрено форвардное финансирование СХТП и перерабатывающих предприятий для производства крупы гречневой (ядрицы), риса шлифованного (круглозерного), масла подсолнечного, муки пшеничной первого сорта и сахара.

Также, в рамках правил при формировании региональных стабилизационных фондов и предоставлении льготного займа субъектам предпринимательства, установлены требования до 70% бюджетных средств направлять на финансирование СХТП и перерабатывающих предприятий.

Таким образом, в настоящее время необходимые условия для увеличения кредитования СХТП за счет средств, выделяемых в рамках механизмов стабилизации цен на СЗПТ, созданы.

В целом вопросы сбыта сельхозпродукции и развитие агропромышленного комплекса находятся на постоянном контроле Правительства.

С. Жумангарин